

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөнідегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 4 қыркүйектегі N 244-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомствалық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 4 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 4 4 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Оралмандардың көшіп келу квотасына енгізу е р е ж е с і н бекіту туралы	Қазақстан Республи- касы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині	2 0 0 7 ж ы л ғ ы қыркүйек
2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республи- касы Үкіметінің қаулылары	Еңбекмині	2 0 0 7 ж ы л ғ ы қыркүйек

3	Оралмен куәлігінің нысанын бекіту туралы	Еңбекмині- н і ң бұйрығы	Еңбекмині	2 0 0 7 ж ы л ғ ы қыркүйек
4	Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығында у а қ ы т ш а болуы және оларға бейімдеу қызметтерін көрсету е р е ж е с і н б е к і т у туралы	Еңбекмині- н і ң бұйрығы	Еңбекмині	2 0 0 7 ж ы л ғ ы қыркүйек
5	Оралман және босқын мәртебелерін беру ережесін бекіту туралы	Еңбекмині- н і ң бұйрығы	Еңбекмині	2 0 0 7 ж ы л ғ ы қыркүйек
6	Оралмандар мен олардың отбасылары мүшелерінің у а қ ы т ш а о р н а л а с т ы р у орталығында болу ережесін бекіту туралы	Еңбекмині- н і ң бұйрығы	Еңбекмині	2 0 0 7 ж ы л ғ ы қыркүйек

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК